

## BBM CHANNELS МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Мына ережелердің құқықтық кеңес ретінде арналмағанын және осы ережелерді ұстану заңнама талаптары сақталғанын білдірмейтінін ескеріңіз. Біз осы ережелерді бұзатын немесе өзге ретсіз деп есептелетін Мазмұнды өз қалауымызбен алып тастау құқығын сақтап қаламыз.

### 1. Жалпы.

- a. Сіз жазбаларыңыздың, жарнамаларыңыздың және ұсыныстарыңыздың (бірігіп “Мазмұн”) барлық қолданылатын заңдарға, талаптарға, ережелерге және сала талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге толық жауап бересіз.
- b. Жоғарыда аталғанды шектемей, егер Мазмұн тек белгілі бір жастағы немесе одан жоғары немесе белгілі бір құзырет аумағында тұратын пайдаланушыларға арналса және пайдаланушының жасын немесе құзыретін анықтау мүмкін болмаса, Мазмұнды пайдаланушыға көрсете алмайсыз. Осыған қолдау көрсететін басқару тетіктерін бергенімен, біз берілген басқару тетіктерінің жеткілікті болуына қатысты ешбір мәлімдеме жасамаймыз және Мазмұн көрсетілетін әрбір ел үшін заңнамамен сәйкес шектеулерді орнатуға өзіңіз жауап бересіз.
- c. BBM Channels мақсаты — Арна ішінде көрсетілген брендке, ұйымға, оқиғаға немесе жеке тұлғаға қатысы бар Мазмұнды орналастыру және көрсету мүмкіндігін Арна әкімшілеріне беру. Арнаны үшінші тарап жарнамасын көрсету үшін пайдалануға болмайды және Арнаны осындай мақсаттарға жалға беруге немесе өзге жолмен қол жетімді етуге болмайды.
- d. Мазмұн сипаты немесе мазмұны жалған, шатастырушы, алаяқ немесе алдамшы болмауы керек.
- e. Егер Мазмұн құрамында веб-торапқа сілтеме болса, Мазмұнда ұсынылған өнімдер немесе қызметтер осындай тораптың бастапқы бетінде анық көрсетілуі тиіс және сілтеме фишинг торабына, зиянды бағдарламаға немесе өзге зиянды кодқа немесе тораптарға немесе пайдаланушы бірден шыға алмайтын торапқа апармауы тиіс.
- f. Мазмұн үшінші тарап құқықтарын бұзбауы тиіс, соның ішінде авторлық құқық, сауда белгісі, құпиялылық, жариялық немесе өзге зияткерлік меншік немесе жеке меншік құқықтары.
- g. Мазмұн құрамында еншілестен немесе өзге нәтижелілікке негізделген маркетинг түрлерінен табыс табу мақсатындағы жарнама немесе үшінші тарап мазмұнына сілтеме болмауы тиіс.
- h. Мазмұн BlackBerry компаниясымен немесе еншілес компанияларымен еншілестікті немесе серіктестікті біздің немесе олардың тікелей жазбаша рұқсатынсыз жанама түрде білдірмеуі керек.

### 2. Шектелген мазмұн. Мазмұн мыналардың біреуін қамтымауы немесе ұсынбауы керек:

- a. Ересектерге арналған мазмұн, соның ішінде ересек немесе порнографиялық журналдар, кітаптар, суреттер, фильмдер немесе жалаңаш, жартылай жалаңаш немесе жыныстық мазмұнды қамтитын өзге материал.
- b. Өшпенділік, зорлық-зомбылық, қорқыту немесе дискриминация мазмұны, соның ішінде:
  - i. Нәсіліне немесе этникалық шығу тегіне, түсіне, ұлттық шығу тегіне, дініне, саяси ұйым мүшелігіне, мүгедектігіне, жасына, ардагерлігіне немесе жыныстық ориентациясына/гендерлік сәйкестігіне қарай жеке тұлғаға немесе қорғалған топқа қарсы шығу;
  - ii. Адамдарға немесе жануарларға зорлық-зомбылық, өзіне зиян келтіру немесе қатысы бар мазмұн;
  - iii. Өшпенділікке, қылмыстық немесе лаңкестікке қатысы бар іс-әрекеттерге немесе мазмұнға қолдау көрсететін ұйымдар немесе жеке тұлғалар; немесе
  - iv. Қорқыту және түршіктіру, мысалы, жеке тұлғаға бағытталған жиі, мақсатты және керексіз жазбалар және аңғартпалар.
- c. Алкоголь, шылым, қару-жарақ немесе құмар, қолданылатын заңмен рұқсат етілгенді және тек қолданылатын заң мен сала талаптарына, ережелеріне, лицензияларына және рұқсаттарына сәйкестікті қоспағанда және тек егер осындай Мазмұн міндетті жастағы және құзыреттегі пайдаланушылармен шектелгенде.
- d. Заңсыз немесе көше есірткілері немесе есірткінің керек-жарақтары.
- e. Заңсыз өнімдер немесе қызметтер, үшінші тарап құқықтарын немесе жеке тұлғаның құпиялылық немесе өзге қолданылатын деректерді қорғау құқықтарын бұзатын өнімдер және қызметтер.
- f. Шпиондық бағдарламаны немесе зиянды бағдарламаны толық немесе бөлігін қамтитын немесе пайдаланушыға күтпеген, алдамшы немесе әділсіз түрде ықпал ететін бағдарлама.